

ЯСАУИ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Университетіміздің «Ботаникалық бақ» ғылыми-зерттеу институтында көктемнің жарышысы, табиғаттың нәзік сыйы – қызғалдақ гүлдері бүр жарып, көркем келбетімен көз қуанта бастады. Университет ғалымдары бірнеше жылдан бері жылыжай жағдайында қызғалдақтарды көбейтудің инновациялық технологиясын өзірлеумен айналысып келеді. Бұл зерттеулер 2022-2024 жылдар аралығында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен жүзеге асырылып, «Қазақстанда қызғалдақтың бастапқы материалдар коллекциясын жасау, эксклюзивті түрлері мен сорттарын көбейту мен өсірудің инновациялық технологиясын өзірлеп, қолданысқа енгізу» ғылыми жобасы аясында гранттық қаржыландырылды.

Бүгінде жоба сәтті аяқталды, десе де университет бағында гүлді өсіру жұмыстары жалғасуда. Алғашында 3 мың дана қызғалдақ егілген жылыжай көлемі бүгінде айтарлықтай ұлғайып, биыл Голландиядан әкелінген 8 мың дана қызғалдақ пиязшығы отырғызылды.

Жақында Алматы облысында PISA – ЭЫДҰ (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) халықаралық оқушыларды бағалау бағдарламасы аясында «Функционалдық сауаттылықты дамытудағы табысты тәжірибелер және жаңа бағыттар» тақырыбында конференция өтті. Халықаралық жиынға оқу орнымыздың PhD докторанты, халықаралық сарапшы Назира Тұрсынбаева арнайы қатысты. Жиын аясында профессор Исмайл Каракая мен PhD докторанты Назира Тұрсынбаева PISA 2022 зерттеуіндегі шығармашылық тұрғыдан мәселелерді шешуді бағалау үшін жасанды интеллектіні қолдану тақырыбында семинарлар өткізді.

Жуырда Мәдениет сарайында Ясауи университетінің «Jaidarman Festival» атты Жайдарман ойындарының маусымашары өтті. Жайдарман ойыны университет қызметкерлеріне, студенттері мен оқытушыларына керемет көңіл-күй сыйлады. Көңілді тапқырлар алаңында 9 команда өнер көрсетті. Ашық лигаға университет факультеттерінен құралған командалар, сондай-ақ облыс қалалары мен аудандардан келген әзілкештер қатысты.

ӘЛЕМДІК ДОДА ЖЕҢІМПАЗЫ



Университетіміздің мақтанышына айналған Жұмажан Қожамбеков қазақ күресінен екі дүркін Әлем чемпионы атанды.

Ол Үндістанның Дели қаласында қазақ күресінен ересектер арасында өтіп жатқан Әлем біріншілігінде 74 келі салмақ дәрежесінде күресіп, алтын медальді жеңіп алды.

Айтулы спорттық бәсекеге қатысу үшін әлемнің түкпір-түкпірінен 200-ге жуық балуан өтініш берген. Олардың арасында Италия, Мексика, Польша, Иран, Жапония, Әзербайжан, Аргентина, Бразилия, Эстония сынды т.б елдердің спортшылары бар.

Жұмажан Қожамбеков финалдық кездесуде Тәжікстандық спортшыны

жеңіп, жеңіс тұғырынан көрінді.

Айта кетейік, Жұмажан қазақ күресінен өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарындағы чемпионы атанған балуан. Спортшымыздың екі дүркін Әлем чемпионы атанғаны құтты болсын! Алдағы сайыстарына сәттілік тілейміз!

СЕНАТ МӘЖІЛІСІ ӨТТІ

Университетімізде №7 Сенат мәжілісі өтті. Жиынға Сенат мүшелері, құрылымдық бөлім басшылары, оқытушы-профессорлар құрамы қатысты.

Басқосу дәстүрге сай университетіміздің оқытушы-профессорлар құрамын мерейтойларымен құттықтау рәсімімен басталды.

Университет ректоры Жанар Темірбекова Физика кафедрасының доценті, профессор Алишер Темірбековты 75 жас, ал Экономика, басқару және құқық факультеті деканатының класс маманы Тамара Дәулетбайқызын 60 жас, Биология кафедрасының аға оқытушы Гүлжан Орынбасарқызын 50 жас мерейтойымен құттықтап, сый-сияпаттар табыстады.

Бұдан әрі күн тәртібіндегі негізгі мәселелер бойынша баяндамалар жасалды. Университеттің 2024 күнтізбелік жылындағы ғылым саласының Стратегиялық және индикативті көрсеткіштері бойынша Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры Айнаш Ошибаева баяндады.



Сондай-ақ, Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша 2024–2025 оқу жылында қысқы кезеңде қабылданған докторанттардың ғылыми жетекшілері және магистранттардың ғылыми жетекшілері мен диссертация тақырыптарын бекіту, Университет ОПҚ-ның дайындаған оқулық, оқу құралы, мен монографияларын бекіту, РОӘК-не Гриф алуға және баспаға ұсыну, Студенттердің жатақханаларда тұру ережесін (УЕ-ХҚТУ-074-2021) бекіту сынды т.б маңызды мәселелер қаралды.



орын алуыңыз мүмкін. Ал енді еліміздің ЖОО-лары арасында рейтингте алғашқы ондыққа кіреміз. Ал, Азия көлеміндегі университеттер арасында алғашқы ТОП-200-ге кіру жақсы көрсеткіш. Мұның барлығы бір күнде болатын шаруа, жететін жетістік емес, әрине. Өткен жылы TURKTIME жобасы бойынша 10

Scopus базалар бойынша жыл бойы 25 оқыту-түсіндірме іс-шаралары мен семинарлар ұйымдастырылды. Яғни, оқытушы-профессор құамын халықаралық журналдарда мақала жариялаудың әдістемесін үйреттік. Өткен жылы «Қысқы мектеп» аясында ҚР ҒЖБМ 2024-2026 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалары бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурстың құжаттамасы туралы семинар ұйымдастырылып,

Ахмет Ясауи университеті еліміздегі ғылым-білімді дамытуға өз үлесін қосып, білікті кадрлар даярлауда орныққан бірегей білім мекемесі. 2024 жыл университет үшін жемісті, жағымды жаңалықтарға толы жыл ретінде есте қалды. Осы ретте университет ректоры Жанар Амангелдіқызына сауалдарымызды қойған едік.

ҒЫЛЫМ КӨКЖИЕГІ

той жасап береміз. «Ана жұрттан ата жұртқа – денсаулық көпірі» жобасы аясында біздің дәрігерлер Түркия Республикасының жетекші медициналық мекемелерінен тағлымдамадан өтіп келіп жатыр. Бұл жоба үшінші жыл жұмысы жалғасуда. Жоба аясында түркиялық білікті дәрігерлер университеттің Клиника-диагностикалық орталығында бірнеше рет бірлескен ота жасады, бірнеше рет пациенттерді ақысыз қабылдап, диагноз қойып, ем шараларын тағайындады. Бұл да жергілікті тұрғындарға пайдалы болды. Неврология, нейрохирургия, салаларының мамандары үшін түркиялық профессорлар дәріс оқып семинарлар өткізді. Облыстық көлемде Бағдарламалы-нысаналы қаржыландыру жобасы «Оңтүстік Қазақстан өңірінде тұрақты да-

«ҒЫЛЫМДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ 20 ЕСЕ ӨСТІ»

– Биылғы оқу жылы университет жаһандық зерттеулерге негізделген Quacquarelli Symonds (QS): Asia University Rankings компаниясы әзірлеген рейтингте ТОП-200 оқу орны қатарына енді. Таратып айтып өтсеңіз.

– Иә, университетіміз жаһандық зерттеулерге негізделген Азия мемлекеттері университеттерінің Quacquarelli Symonds (QS): Asia University Rankings компаниясы әзірлеген рейтингте ТОП-200 оқу орны қатарына кірді. Бұдан да басқа бірнеше беделді рейтинг агенттіктері бар. Солардың арасында QS бізге көбірек танымал. Өйткені алғашқылардың бірі болып біздің елдің ЖОО-лары аталған агенттік рейтингіне қатысып, өзінің орнын белгілей бастады. Біздің университетіміз де 2021 жылдан бастап дайындық жұмысын жүргізіп қатысты, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылының нәтижелерін көріп отырмыз. Біз алғаш кірген жылдан-ақ үздік 800-дікке ендік, өңірлік ЖОО-лардың басым көпшілігі 1000-дықтан кейінгі орындарда болды. Бұл рейтингте бірнеше критерийлер бар. Солардың ең негізгілерінің бірі – академиялық бедел. Академиялық бедел көрсеткіші басқа(шетелдік) университеттердің профессор, ғалымдарының осы оқу орнына берген бағасымен анықталады. Өзге университет ғалымдарының біздің профессорларымен бірлесіп ғылыми жоба жүргізуі, яки, біздің профессорларымыздың отандық, шетелдік университеттерге барып дәріс оқып келгенде сол жақта қалдырған әсерінен де академиялық бедел артуы мүмкін. Халықаралық студенттер, халықаралық профессура, академиялық ұтқырлықпен тәжірибе алмасу да әсер етеді. Одан бөлек студентпен оқытушы-профессор құрамының ара қатынасы. Бір оқытушыға қанша студенттен келеді деген мәселе бар. Осылардың барлығы есептеледі. Ол көрсеткіштердің әрқайсысының белгілі бір деңгейде салмағы бар. Ең салмақтысы әлгі айтқан академиялық бедел критерийі. Ғылыми-зерттеулер көрсеткіштері бойынша да жұмысымыз сарапқа салынады. Осыдан 2-3 жыл бұрын жалпы Қазақстан бойынша бұл критерийлер көрсеткіштері төмен болатын, қазір өсіп келеді. Бірақ әр рейтингтің бағалау көрсеткіші әр қалай. Бір рейтингте ТОП-700-де болсаңыз, бірінде 1000-дықтан

үлкен халықаралық конференция өткізіп, соған 30 елден 2500 ғалым келіп қатысты. Олар университет жайында оң пікірлерін қалдырады деп ойлаймын. QS-те Rankings by Subject деген маңызды дүние бар. Яғни, мұнда пәндерге мән беріледі. Осы бойынша біздің университетте оқыталатын 3 пән: педагогика 251-300, өнер 451-500, заманауи тілдер бойынша алғашқы 201-250-лікке еніп отырмыз.

– Академиялық тараптарда өзіңіз келгелі қандай өзгерістер бар қанша БББ сапасын арттыру бойынша қандай жұмыстар жүргізілді?

– Өлемнің озық университеттерінің профессорларынан дәріс алып, заманауи әдістермен танысып, біліктіліктерін арттыру мақсатында ОПҚ үшін BMG Upskill компаниясымен келісім шарт жасалып, Coursera платформасындағы дәрістерге 152 лицензия сатылып алынды. Платформаға тіркелгендер – 250, кемінде бір курсты сәтті аяқтаған – 136 оқытушы, жалпы университет бойынша 340 сертификат алынған. Иә, Түркістан облысында алғашқы «Turkistan EdTech Lab» Coursera орталығы ашылып, оны министр С.Нұрбек пен облыс әкімі орынбасары Б.Тәжібаев келіп лентасын қиған сәт те өткен жылдың айшықты оқиғаларының бірі ретінде тарихқа енді. Білім беру бағдарламаларының аккредиттелуі, жалпы БББ сапасын арттыру бойынша ұдайы үздіксіз жұмыс жүргізілуде. Өйткені, білім сапасын анықтайтын көрсеткіштердің негізгі бағыттарының бірі осы академиялық саясатпен ұштасады.

– Ғылыми жұмыстар бағытындағы жетістіктерге тоқталсаңыз.

– Қуатты эканомиканы құрып, әлемдік аренада бәсекелестік көрсете алуымыз үшін ғылым мен инновацияны дамытудың маңызы зор. Бұл туралы ел Президенті Қ.Тоқаев: «Қай заманды алып қарасақ та, дамудың басты кілті бұл – ғылым. Адамзат тарихындағы жетістіктің барлығы – білімнің жемісі. Әсіресе қазіргі озық технология дәуірінде ғылымсыз алға басу мүмкін емес. Сондықтан, мен ғылымды дамыту ісіне айрықша мән беріп отырмын», – деген болатын.

Университетте ғылыми жұмыстар бағытына айрықша мән беріледі. Таратып айтар болсақ: Университеттің ғылыми жарияланымдарының сапасы мен санын арттыру мақсатында Clarivate Analytics (Web of Science),

ғалымдарымызға ғылыми жоба конкурстарында жеңіске жетудің оңтайлы жолдары түсіндірілді. (YASAWI WINTER SCHOOL атты қысқы мектеп биыл да жалғасуда). Тәжірибелі, жиі грант ұтып жүрген ғалымдар өз тәжірибелерімен бөлісті. Осылайша ғылыми жобалар конкурсына дайындалдық. 52 ғылыми жоба ұсынылды. Оның ішінде 5 ғылыми жоба жас ғалымдарды гранттық қаржыландыру бойынша, 4 ғылыми жоба гранттық қаржыландыру бойынша мақұлданды, бұл жобалардың жалпы қаражаты 722 204 091,8 теңгені құрады.

2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсқа 1 ғылыми жоба ұсынылып, 449 694 557,00 тг мөлшерінде жеңіп алды. Ал, 2024-2026 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсқа 1 ғылыми жоба ұсынылып, 3 999 983 630,00 тг мөлшерінде жеңіп алдық.

2024-2026 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру саны – 4, жас ғалымдарды гранттық қаржыландыру саны – 5 болса, 1 жоба бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға қол жеткізді.

Қорыта айтқанда, кейінгі 4 жылда ғылымды қаржыландыру 20 есеге өсті. 2021 жылы бұл қаржы 395 млн. теңге болса, биыл гранттық қаржыландырудың жалпы көлемі 8 миллиард теңгеге жетті. Университет ғалымдары ғылыми жобаларға қатысып, үстеме жалақы алып, жағдайларын жақсартуда.

– Қоғамға пайдалы болу миссиясына көп мән бересіз, осы ретте университет Түркістан облысы тұрғындары үшін қандай пайдалы жобалар жасап немесе бастамашы болып жүр?

– Жалпы, университеттің 3 миссиясы болады: білім беру, ғылыми зерттеу жүргізу, қоғамға пайдалу болу. Біздің университет халықаралық болуы себепті қоғам ұғымының ауқымы кеңірек: Түркістан қаласы не облысы, ел деңгейінде, Түркі әлемінде деп қарастырамыз болсақ біз осы үш шеңберде де қоғамға пайдалы болуды көздейміз. Түркістандықтар үшін әдемі жобамыз бар. Өлеуметтік жағынан осал топ балалары үшін жыл сайын 100 баланы клиникамызда сүндетке отырғызып, оларға


муды қамтамасыз ету» ауқымды ғылыми жобамыз бар. Оны біз 3 негізге бөліп қараймыз: денсаулық сақтау, екінші бағыт – биотехнология, ол бойынша инновациялық технологиялар негізінде биоресурстарды коммерциялық игеру арқылы ботаникалық бақтың құнды гендік қорын сақтау, қалдықсыз өнім өндіру (бұл жүзеге асты), үшінші бағыт – экология. Өңір үшін маңызды үш бағытта жұмыс жасалуда. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетіне қарасты «Ғылым қоры» акционерлік қоғамының қолдауымен іске асырылып отырған коммерцияландыру жобасы аясында ашылған жемістерді қайта өңдейтін цех жұмысы қарқынды жүріп жатыр. Өндірістік цехте 13 түрлі өнім өндіріліп, алдағы уақытта басқа да өнімдер мен жаңа дәмдерді нарыққа шығару жоспарлануда. Өнімдер суранысқа ие, таза табиғи өнім болғандықтан сураныс жоғары. Университет эколог-ғалымдарының өңірдің дамуы үшін тағы да жақсы жобалары бар.

– Жанар Амангелдіқызы, мұны ұрпақтар сабақтастығы десек те, алдыңғы буындар ардақтау деуге де келетіндей университетте былтырғы жылы өмірден озған ғалымдарға құрмет көрсету үрдісі байқалуда...

– Иә, оқу ордамызда елеулі еңбек еткен, университеттің іргесін қаласып бекуінде еңбегі ерен ардақты ұстаздардың есімі ескеріліп, құрмет көрсетілді. ҚР ҰҒА академигі, қоғам қайраткері, техника ғылымдарының докторы Лесбек Тәшімов атындағы дәрісхана ашылды. Спорт және өнер факультетінің ғимаратында ҚР Халық артисті, профессор Райымбек Сейтметов атындағы сахна залының, ҚР Халық артисті, профессор Қажыбек Бекбосынов пен ҚР Халық артисті, профессор Рахима Жұбатұрова атындағы қос аудиторияның ашылу салтанаты өтті. Жақында ғана, Филология факультетінің ғимаратында белгілі академик, ғалым, профессор Рахманқұл Бердібай атындағы конференция залы ашылды. Бұл үрдісті дәстүр тағлымы, алдыңғы толқын аға буынға құрмет деп санаймыз және осындай лайықты тұлғаларды құрметтеу жалғасатын болады.

– Мазмұнды сұхбатыңыз үшін көп рахмет, жұмыстарыңызға ға табыс тілеймін.

Сұхбаттасқан: Әтіргүл Тәшім.



• Біздің сұхбат

БІЛІМ – ЖЕМІС БЕРЕТІН МӘУСЕЛІ АҒАШ

Университеттің басты миссиясы – білім беру. Әлбетте, оқу ордамызда академиялық қызмет, оқу үдерісі, жалпы академиялық бағыттың мән-маңызы да, салмағы зор екені сөзсіз. Осы ретте, университеттің академиялық мәселелер вице-ректора, Идрисова Эльмира Қайсарбайқызына сауалдарымызды қойған едік.

туралы айтп өтсеңіз.

– Дуальды білім беру жүйесі бойынша университет түрлі кәсіпорындармен және ұйымдармен серіктестік орнатқан. 2024 жылы 23 педагогикалық бағдарлама, 15 өндірістік орын және 21 аудиториялық база дуальды білім беру аясында жұмыс істейді. Университет студенттерінің кәсіби

– Эльмира Қайсарбайқызы, университетімізде академиялық тарапта соңғы жылдары қандай өзгерістер мен жаңалықтар болып жатыр?

– Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті соңғы жылдары бірқатар маңызды академиялық өзгерістерді жүзеге асырды. Университет 2024-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасын қабылдап, білім сапасын арттыруға, ғылыми зерттеулерді дамытуға және халықаралық рейтингтерде жоғары орындарға жетуге бағытталған стратегиялық қадамдарды жүзеге асыруда.

Университеттің академиялық құрылымында 10 факультет, 45 кафедра және Дайындық орталығы жұмыс істейді. Студенттер контингенті жылдан-жылға артып келеді. Мысалы, 2023 жылы білімалушылар саны 10 000 болса, 2024 жылы 10 343-ке жетті. Бұл университеттің білім беру қызметіне деген сұраныстың жоғары екенін көрсетеді. Соңғы жылдары университет академиялық процесті жетілдіру мақсатында оқу жүктемелерін оңтайландырды. Оқытушылардың жылдық сағат жүктемелері ғылыми атақтарына байланысты қайта қаралды. Сонымен қатар, аудиториялық қор кеңейтіліп, 2023 жылы 496 аудитория болса, 2024 жылы олардың саны 583-ке жетті.

QS World University Rankings халықаралық рейтингінде университет 801-850 орынға тұрақтап, өзінің беделін арттыруда. Сондай-ақ, университет «Arts & Humanities» бағыты бойынша 451-500 орын, «Modern Languages» бағытында 201-250 орын, ал «Education & Training» бағытында 251-300 орынға ие болды. Бұл университеттің академиялық көшбасшылыққа ұмтылу жолындағы жетістіктерінің дәлелі.

– Білім беру бағдарламаларының жаңартылуы және аккредиттелуі, қос дипломды және біріккен білім беру, жалпы БББ сапасын арттыру бойынша қандай жұмыстар жүргізілді?

– Қазіргі таңда университетте 9 сала бойынша бакалавриат, магистратура, докторантура және резидентура деңгейлерінде 169 білім беру бағдарламасы (БББ) жүзеге асырылуда. БББ жаңарту және сапасын арттыру тұрақты түрде жүргізіледі. 2022-2023 оқу жылында университет институционалдық аккредиттеуден өтіп, барлық БББ мамандандырылған аккредиттеуге ие болды. Жыл сайын 40-80 білім беру бағдарламасы жаңа аккредиттеуден өтеді немесе жаңартылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің талаптарына сәйкес БББ ҚР Реестрінде тіркеліп, олардың тиімділігі тұрақты түрде бағаланады.

Қос дипломды және біріккен білім беру бағдарламаларын дамыту мақсатында университет Түркия, Финляндия және басқа да елдердің жоғары оқу орындарымен серіктестікте жұмыс істейді. Финляндияның Хяме қолданбалы ғылымдар университетімен бірге педагогикалық білім беру бағдарламаларын жаңарту бойынша

Университет туралы жалпы ақпарат

10 оқу ғимараты 7 жатақхана	10 факультет 1 Foundation	169 Білім беру бағдарламасы	Барлық ББ аккредиттелген	Аудиториялық қор 393
Білім алушылар/шетел 10343/1079	ПОҚ/ ғылыми дәрежелі 959/409	2024 жыл бітірушілердің жұмысқа орналасу 70%	Практика базалармен к/ш 890	Жалпы кітап қоры 517138 экз.

бірілескен жоба жүзеге асырылуда.

– Оқу әдістеме бағытын жетілдіру: оқу процесіне жаңа инновациялық және білім беру технологияларын енгізу бағытында қандай жұмыстар атқарылды және олардың нәтижелері туралы айтып берсеңіз.

– Университет оқу процесіне жаңа білім беру технологияларын енгізіп, студенттердің білімін заманауи әдістер арқылы жетілдіруде. Атап айтар болсақ, қазіргі уақытта келесі инновациялық әдістер кеңінен қолданылады:

– Case-study әдісі – студенттердің нақты жағдайларды талдау арқылы практикалық білім алуына көмектеседі.

– Проблемалық оқыту (Problem-based learning) – студенттерді мәселелерді өздігінен шешуге бағыттайды.

– Gamification – ойын элементтерін оқу процесіне енгізу арқылы мотивацияны арттыру.

– Жобалық оқыту (Project-based learning) – студенттердің зерттеу және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

– Цифрлық білім беру технологиялары – Moodle, Zoom, Microsoft Teams және басқа да онлайн платформалар арқылы аралас оқыту (blended learning) ұйымдастырылады.

2024 жылы университет оқытушылары жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру үшін арнайы тренингтерден өтті. Олардың ішінде 187 оқытушы Финляндияның Хяме университетінің бағдарламасы аясында кәсіби біліктілігін арттырып, арнайы сертификаттар алды.

– Ұстаздардың біліктілігін арттыру бойынша қандай жұмыстар атқарылуда?

– Университет оқытушыларының кәсіби деңгейін жетілдіру мақсатында

жыл сайын түрлі курстар мен тренингтер ұйымдастырылады. YASAWI WINTER SCHOOL қысқы мектебі дәстүрге айналып келеді. Оның аясында профессор-оқытушылар құрамы халықаралық деңгейдегі педагогикалық әдістемелерді меңгеріп, заманауи білім беру тенденцияларымен танысады.

2025 жылы 6-22 қаңтар аралығында III YASAWI WINTER SCHOOL – Қысқы мектебі өткізілді. Бұл семинар-практикумдар профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыруға, оқу процесін жетілдіруге және заманауи білім беру технологияларын енгізуге бағытталған.

Қысқы мектеп аясында «Силлабустардың құрылымын жетілдіру» тақырыбында кең ауқымды семинар-практикумдар ұйымдастырылды. Университеттің барлық оқытушыларына арналған бұл бағдарламаның негізгі мақсаты – оқу жоспарларын жаңарту, студенттердің білім сапасын арттыру және оқу процесінің тиімділігін күшейту.

Оқытушылардың тәжірибелік дағдыларын жетілдіру мақсатында Кентау, Түркістан кампустарында тренингтер ұйымдастырылды.

Қысқы мектеп аясында оқытушылар инновациялық оқыту әдістерін енгізу бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Сонымен қатар, университеттің халықаралық серіктестерімен бірлескен тренингтер ұйымдастырылып, оқытушылар халықаралық тәжірибемен бөлісуде. III YASAWI WINTER SCHOOL – университет оқытушылары үшін үлкен тәжірибе алмасу алаңы болды. Бұл шара университеттің білім беру сапасын арттыруға және профессор-оқытушылар құрамының кәсіби деңгейін жоғарылатуға оң ықпалын тигізді деп толыққанды айта аламын.

– Дуальды білім беру, жұмыс берушілермен байланыс және түлектердің жұмысқа орналасуы

практикадан өтуін қамтамасыз ету мақсатында 900-ге жуық мекеменің келісім-шарт жасалған. Педагогикалық практика кезінде студенттер жетекші мұғалімдермен бірге жұмыс істеп, нақты тәжірибе жинақтайды.

Түлектердің жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету үшін университет бірқатар шараларды жүзеге асырады. Яғни, жұмыс берушілермен тығыз байланыс – университетте жұмыс берушілермен кездесулер, дөңгелек үстелдер, форумдар ұйымдастырылады.

«Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесі – түлектер мен жұмыс берушілер арасындағы тікелей байланыс алаңы екені мәлім. Ал Enbek.kz платформасымен ынтымақтастық – түлектерге жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді. Біз осы мүмкіндіктің бәрін қарастырамыз. Соңғы жылдары көптеген студенттер практика өткен мекемелерінде тұрақты жұмысқа қалуда.

2023 жылғы түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші 83,7% болса, 2024 жылғы түлектердің 6 ай ішінде жұмысқа орналасу көрсеткіші 70%-ды құрады. Бұл көрсеткіштер университет түлектерінің еңбек нарығындағы сұранысқа ие екенін дәлелдейді.

Ахмет Ясауи университеті академиялық процесті жетілдіру, білім беру бағдарламаларын жаңарту, оқыту әдістемелерін жетілдіру және жұмыс берушілермен байланыс орнату арқылы студенттерге сапалы білім беруді қамтамасыз етуде.

Университеттің басты мақсаты – халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау.

– Сұхбатыңыз үшін рахмет, еңбегіңіз жемісті болсын!

Әтіргүл Бағманқызы.

ҒЫЛЫМДАҒЫ ИННОВАЦИЯ



БІЛІМГЕРЛЕР БАЛАМАЛЫ ЭНЕРГИЯНЫ ЗЕРТТЕЙДІ

Бүгінгі таңда елімізде баламалы энергия көздерін қолдануға мейлінше көңіл бөлінуде.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз қуат көздеріне бай болғандықтан, болашақта жаңа энергетикадағы жетекші орнын сақтап қалудың маңыздылығын айтқан болатын. Расында, жаңартылатын қуат көздері жобаларындағы қазақстандық өнімнің үлесі өте аз. Еліміз бойынша жасыл энергетиканың үлесін 2030 жылға қарай – 15 пайызға жеткізу межесі белгіленген. Осы ретте біздің «Физика» кафедрасы ұстаздары Құрбанбеков Бақыжан, Полатұлы Серік, Паттаев Амин және «Электр инженериясы» кафедрасының профессоры Нажи Генч мырза, сондай-ақ, зерттеу тобындағы басқа да жас ғалымдар ғылыми жоба аясында жұмыс жасап оқу орнымыз кампусында жасыл энергетиканы дамыту мақсатында жалпы қуаты 30 кВт болатын күн электр станциясын іске қосты. Бұл жоба Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылды.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетімен 09.09.2024ж. күнгі №223/ГФ24-26 келісім-шарты бойынша АР23488947 «Күн энергетикасы саласында STEM жобаларды іске асыру негізінде студенттердің зерттеушілік және инженерлік іс-әрекеттерін дамыту» атты гранттық жоба аясында университет қалашығындағы автотұрақта қуаттылығы 30кВт күн электр станциясы іске қосылды.

Бұл жоба зерттеуінің мақсаты – күн энергетикасы саласында инженерия және жаратылыстану ғылымдары студенттерінің зерттеушілік және инженерлік іс-әрекеттерін дамытудың әдістемелік жүйесін жасау, күн энергетикасын пайдалануға арналған STEM модулін, өнімдерін жобалау және әзірлеу, сондай-ақ, күн электр қондырғыларын әзірлеу және егін алқаптарында қолдану арқылы студенттердің өндірістік практика орнын жасақтау, әдістемелік жүйенің тиімділігін педагогикалық экспериментте тексеру.

Негізінен жобаның күнтізбелік жоспарына сәйкес, қуаттылығы 10кВт болатын күн электр станциясын

құру қарастырылған болатын. Университет басшылығының қосымша қаржыландыруы арқылы білім беру мен ғылым саласын ұштастыру бағытында көрсеткен қолдауының арқасында қуаттылығы 30кВт күн электр станциясы құрылды. Қазақстандағы күн панельдерін өндіруші отандық компанияның бірі Miami Solar өнімдері қолданылды. Күн панельдерін пайдаланудың тиімділігі неде деген мәселеге келсек. Күн энергетикасы саласындағы жобаларды іске асыруда отандық өнімдерді қолдану экономикалық тиімділікті арттырып, логистикалық және техникалық қызмет көрсетуді жеңілдетеді. Инновациялық даму мен технологиялық тәуелсіздікті қамтамасыз ете отырып, еңбек нарығын дамытады және жергілікті өндірушілерді қолдауға мүмкіндік береді.

Бұл жобаның практикалық маңыздылығы өте жоғары. Инженерлік-техникалық салаларда болашақ мамандарды даярлау үдерісіне интеграциялау арқылы күн электр станцияларын зерттеу бірнеше негізгі бағыттарды қамтиды. Білім алушылар күн панельдерінің өнімділігін өлшеу, инсоляция бұрышының әсерін зерттеу, жылу және шаңданудың ықпалы сияқты энергетикалық тиімділігі бойынша оқу-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Сонымен қатар, білім алушыларға панельдердің орналасуын оңтайландыру, тиімді түрлендіргіштерді қолдану, аккумуляция жүйелерін интеграциялау, күн энергетикасын физика, инженерия және экология сабақтарына енгізу арықылы студенттердің жобалық және зертханалық жұмыстарын ұйымдастыру, экономикалық және экологиялық талдау мен цифрлық басқару жүйелерінде жұмыс жасау мүмкіндігі туды.

Сонымен қатар, білім алушылар SolarMap SMART платформасын инвертордың жұмыс көрсеткіштерін қадағалау және басқару үшін қолдана алады. Бұл жүйе арқылы жас зерттеушілер онлайн мониторинг, деректерді талдау, ақауларды анықтау және қашықтан басқару мүмкіндіктеріне қол жеткізеді. SolarMap SMART сервері арқылы инвертордың нақты уақыттағы өнімділігіне, өндірілген

және тұтынылған энергия көлеміне, жүйенің тиімділігіне қатысты толық ақпарат алуға болады. Сондай-ақ, мобильді қосымша қолданушыларға инвертордың көрсеткіштерін смартфон немесе планшет арқылы қадағалауға мүмкіндік береді. Осылайша пайдаланушылар жүйенің жағдайын кез келген уақытта бақылай алады. Бұл әсіресе күн электр станцияларын басқару және тиімділігін талдау үшін маңызды. Мұндай тәжірибелер болашақ мамандардың теориялық білімді нақты практикалық қолданыспен байланыстыруға, зерттеу дағдыларын дамытуға және жаңартылатын энергия көздерінің маңыздылығын түсінуге ықпал жасайды.

Бұл бастама университет кампусындағы жасыл энергетиканы дамытуға және тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыруға үлкен үлес қосады. 30 кВт қуаттылығы бар күн электр станциясы электр энергиясын өндіру арқылы кампустың энергетикалық тәуелсіздігін арттырып, экологиялық таза энергия көздерін қолдануға мүмкіндік береді. Яғни, дәл қазіргі уақытта орнатылған күн панельдері Мәдениет Орталығы тұтынатын энергиямен қамтамасыз етуде.

Күн энергетикасы саласындағы жобаны жүргізу бірнеше маңызды аспектілермен байланысты. Біріншіден, энергетикалық тұрақтылық пен тәуелсіздік, яғни жаңартылатын энергия көздерін дамыту арқылы дәстүрлі энергия ресурстарына деген тәуелділікті азайту және экологиялық таза электр энергиясын өндіруді арттыру. Екіншіден, білім беру және ғылыми зерттеулерді жетілдіру, яғни STEM білім беру шеңберінде студенттердің зерттеушілік және инженерлік дағдыларын дамыту, нақты тәжірибелер жүргізу арқылы теориялық білімдерін нығайту. Үшіншіден, инновациялық технологияларды дамыту, яғни күн энергиясын тиімді пайдалану бойынша жаңа инженерлік шешімдер әзірлеу, IoT және цифрлық мониторинг жүйелерін енгізу. Төртіншіден, экономикалық және экологиялық тиімділік, яғни энергия шығындарын азайту, көміртек ізін төмендету және жасыл технологияларды кеңінен енгізу арқылы тұрақты дамуға үлес қосу.

Сондықтан бұл жобаны жалғастыру Қазақстанның жаңартылатын энергия көздерін дамыту стратегиясына сәйкес келіп, экологиялық таза технологиялар негізінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға және ғылым мен өндірістің интеграциясын нығайтуға ықпал етеді.

2025 жылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті кампусындағы күн электр станциясының қуаттылығын арттыру, электромобильдерді жылдам зарядтау станциясын іске қосу, күн трекерін енгізу арқылы студенттердің зерттеушілік мүмкіндіктерін кеңейту жоспарлануда. Электромобильдерді жылдам зарядтау станциясының қосылуы электр көліктерінің қолжетімділігін арттырып, олардың экологиялық және экономикалық тиімділігін зерттеуге жағдай жасайды. Күн трекерінің іске қосылуы студенттердің күн панельдерінің тиімділігін арттырудағы рөлін, трекерлердің жұмыс принциптерін, бақылау алгоритмдерін және автоматтандыру жүйелерін зерттеуіне мүмкіндік береді.

Университеттегі бұл жаңашыл бастамалар ғылыми зерттеулердің дамуын, инженерлік және технологиялық дағдыларды жетілдіруді, сондай-ақ жасыл энергетиканы қолданудың практикалық мүмкіндіктерін кеңейтуді қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, бұл жоба алдағы уақытта университеттің энергетикалық тәуелсіздігін арттырып, жасыл технологияларды коммерциялық мақсатта қолдану мүмкіндіктерін кеңейтуге жол ашады. Сонымен қатар, студенттер мен оқытушылар жаңа зерттеу жобаларын әзірлеп, инновациялық стартаптар құруға мүмкіндік алады.

Зерттеу тобы ҚР ҒЖБМ ҒК тарапынан қаржыландырылған гранттық жобаларды тиімді іске асыруда үнемі қолдау көрсетіп жүргені үшін университет ректоры Жанар Амангелдіқызына, ректор өкілі Нажи Генч мырзаға, вице-ректор Айнаш Есімбекқызына зор алғыс білдіреміз.

Шерзод Раманкулов,
Физика кафедрасының
қауымдастырылған профессоры.

ҰСТАЗДЫ ҰЛЫҚТАУ ПАРЫЗ



Белгілі тарихшы, профессор Сейтқали Мадуанұлы 1991-2009 жылдар аралығында университетіміздің іргесін қаласқан ардақты ұстаздардың бірі де бірегейі. Ол сол тұстағы оқу ордамыздың тарих-филология факультетінің негізін қалап, алғашқы декан болды. Жуырда өліміздің ғылым-білімі мен мәдениетінің дамуына елеулі үлес қосқан Түркістан қаласының құрметті азаматы, профессор С.Мадуанұлының есімін ұлықтау мақсатында дәрісхана ашылып, өшпес өнеге қалдырған ұстаздың еңбегі дәріптелді. Осы ретте С.Мадуанұлының төл шәкірті тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Мағрипа Жолсейітованың ұстазы жайлы тебіреністі естелігін оқырман назарына ұсынып отырмыз.

ӨМІРДЕ КЕЗДЕЙСОҚ ЕШТЕҢЕ ЖОҚ

Адам өмірінде кездейсоқ ештеңе болмайды екен. Өмір жолында Сейтқали Мадуанұлындай ұстазды жолықтыруым кездейсоқтық емес деп ойлаймын. Бүгінде өткенге көз жүгіртсем, ол кісі менің тағдырымда қорғаушы періштем секілді болғандай. Ұстазбен кездесуім сонау 1980 жылдан басталды. Мен Төлеби ауданының «Алатау» ауылында, ол кісі көрші «Көксәйек» ауылында туып өскен.

... Мектепте оқып жүргенде газет-журналды, кітапты көп оқитын едік. Ұстаздарымыз да ұдайы Ш.Уәлиханов, Қ.Сәтбаевтардан бастап атақты ғалымдарды үлгі етіп отыратын. Солардың шығармаларын оқытып, ғылымға шақыратын. Бала қиялым көкке өрлеп өзімнің тегімді солардың қатарында көрсем, ғалым болсам деп армандадым. Мектеп бітіретін жылы ғылым жолына түсу үшін университетте білім алу керектігін ұғып, қара шаңырақ ҚазМУ-ге оқуға аттандым. Ауылдас бір ағалармен ілесіп Алматыға келдім. Өмірі ауылдан ұзап шықпаған, адамдарының бәрі орысша сөйлейтін қала маған әдепкіде суықтау көрінгені есімде. Әлгі ағамыз бір кезде бізді бір үйге алып келді. Иман жүзді кісілер екен, жылы қарсы алды. Ең бастысы қазақтар. Сөйтсем бұл Сейтқали аға мен Перизат жеңгеміздің шаңырағы екен. Жеңгеміз де қонақжай, кішіпейіл жан екен. Өздері пәтерде жүрсе де ауылдан келген ұл-қыздарды паналатып қолынан келгенше көмектесіп жүрді. Ол жылы жолым болмады, бір балл жетпей конкурстан «құлап» шабаданымды арқалап ауылға қайттым. Келесі жылы ата-анамның қолқалауымен Шымдағы медицина-фармацевтика институтына құжат тапсырдым, алайда қаламағандықтан емтиханға кіріп қайта шығып кеттім. Содан намыстанып бір жыл дайындалып 1982 жылы өзім қалаған ҚазМУ-ге қайта

құжат тапсырып, тарих факультетіне оқуға түстім. Университетте үздік оқып бітірдім. 1987 жылы тамызда жолдамамен Талдықорған облысы, Кербұлақ ауданына жұмысқа келдім. Аудандық Білім бөлімінің меңгерушісіне жолдамамды алып кірген едім, ол кісілер мен шалғай ауылдағы мектепке жіберетін болды. Бір түкпірдегі қысты күндері жол қатынасы тоқтап қалатын ауыл екен, көңіл-күйім түсіп кетті. Ол кезде тәртіп қатал: міндетті түрде мемлекет жолдамамен жіберген жерде жұмыс істеп, өтеуің керек. «Енді қайтем?!» Не істерімді білмей сыртқа шықсам Сейтқали ағай кездесе кетті. Бір шаруалармен жүр екен. Қуанып кеттім. Сәлемдесіп, хал сұрасып мән-жайды айтып едім «жолдаманды берші» деді де ішке кіріп кетті. Бір кезде шықты да: ол жаққа бармайсың осында қаласың деді. Меңгерушімен келісіп аудандағы пионерлер үйіне қалдырыпты. Ойлап қарасам, Сейтқали аға маған осылай ылғи да керек кезде жолығып, қиын кезде жол табуға септесер, құтқарушы періштемдей болып, қолдау көрсетіп келеді екен.

1991 жылдың жазында төркіндеп келіп, Шымкентте бір құрбымнан осында университет ашылғанын естідім. Екеуміз жаңа ашылып жатқан оқу орнына барып, бағымызды сынап көрелік деп Түркістанға тарттық. Шағын қаладан университет ғимаратын табу қиын болмады. Сұрастырып осы күнгі Қазыбек бидегі ғимаратқа келдік. Келсек талапкерлерді оқуға қабылдап жатқан кез екен. Университеттің ашылғанына көп бола қоймаған. Бір кезде «Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы С.Мадуанов» деген есікке көзім түсті. Тіпті ойламағанмын, ол кісіні Ақтөбеде деп жүр едім. Кіріп ағаға сәлемдесіп, шұрқырасып жаттырмыз. Келген себепімді айттым. Ол кісі қуана қарсы алды.

УНИВЕРСИТЕТТЕ

1991 жылдың тамыз айынан бастап университетке лаборант боп жұмысқа тұрдым. Отбасыммен Талдықорғаннан көшіп келіп, жатақханаға орналастық. Ол кісілерге қалашықтан үй берді. (Бірақ ол үйлерді жылыту қиын болды). Тоқсаныншы жылдардағы тоқыраудың тұсы еді: жылу жоқ, жарық жиі сөнеді. Ол кісілер жатақханадағы біздің екі бөлмемізге келіп тұратын қыстыгүндері. Сол жылдары Түркістанның қысы суық, жазы қатты ыстық болды. Қиын кездерді бастан кештік. Тұрмыс ауырлау жадау-жүдеу күн көшсек те, көңіліміз түскен емес. Құрып жатқан оқу ордамыздың болашағына зор сеніммен қарап, алға қарай жүрдік.

Сейтқали Мадуанұлы 6 жылдай Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе



педагогикалық институтында доцент, тарих-география факультетінің деканы болып қызмет істеп келген тәжірибелі кісі еді. Жаңа ЖОО болғандық оқу процесінде де көп қиындықтар болды. Сол тұста 4 факультеттің арасында бірінші болып Сейтқали аға оқу жоспарын жасайтын, басқалар соны үлгі етіп жасаушы еді. Бүгінде естігенге ертегі секілді: сол кезде компьютер де жоқ, диспетчер маманы да болмайтын. Сейтқали ағай көлемді плакатқа линейканы алып, сабақ кестесін қолымен сызып отырушы еді. Өзіне өте ұқыпты адам ғой, тиянақты етіп жасайтын. Факультетте «Қазақстан тарихы», «Жалпы тарих», «Археология және этнология, музейтану» деген кафедралар болды. Оқу жоспарына әр кафедра өз пәндерін көбірек тықпалауға тырысады, ағай Қазақстан тарихына басымдық беретін. Ол кісі «Қазақстан тарихы» мамандығына айрықша мән берді. Қазақстан тарихын әрбір кезеңін оқу жоспарына енгізіп, оның дұрыс оқытылуын қадағалап, қалып бара жатқан тұсын енгізуде өз ойын дәл жеткізіп, басшыларға кіріп маңыздылығын дәлелдеп, айттысып-тартысып жүріп енгізетін. «Біз отар елде тұрып өз тарихымызды білмей келдік, бүгінгі ұрпақ бірінші кезекте төл тарихын танысын» деген ұстанымы ол кісінің үлкен жүректен, елін-жұртын сүйгенін айғақтағандай. Сейтқали аға өз ортасында абыройлы болды. Ол кісіні жиі қонаққа шақырушы еді. Қайда бармасын мені жанына ертіп алып жүреді. «Менің қарындасым, жас маман, болашақ ғылым» деп таныстырып, мерейімді есіріп отырады. Сол кісінің арқасында жергілікті зиялы қауыммен, тарихшы ғалымдармен таныс болдым. Талай игі жақсылармен дәмдес болдық.

ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНА ЖЕТЕЛЕДІ

Университет құрылған жылдары бірінші ректорымыз М.Жұрынов әр жиналыс сайын ғылымға бетбұруымызды айтып, мақсатымызды айқындап, талап қоюшы еді. 1995 жылы Сейтқали аға мені белгілі тарихшы Жанұзақ Қасымбаевпен таныстырды. Ол кісі отбасылы қыздарды алмаушы едім деп аздап қарсылық білдірді, алғашында. «Жоқ менің қарындасым сеніміңді ақтайды» деп кепілдік бергендей болғасын келісті. Бірақ, жұмысты қойып, аспирантураға түсуіме кеңес берді. Сонымен аспирантураға түсіп, 1999 жылы кандидаттық диссертациямды сәтті қорғап шықтым. Ғылымға келуіме, бала күнгі арманыма жетуіме әуелі Алла, сосын Сейтқали ағаның ықпалы зор болды. Ғылымға титтей болса да үлес қоссам, жетістікке жетсем, ғылыми жетекшім Ж.Қасымбаевтың табандылығының, Сейтқали ағаның шегелеп тапсыруының арқасында

жеттім деп ойлаймын.

Сейтқали ағамен жәй ғана жерлес болғаным болмаса, туыстығым да жоқ. Ата-анам да қарапайым адамдар. Олар мені жетелеп бұл кісінің қолына тапсырған де емес. Ойлап қарасам ағаны маған тағдыр жолықтырған екен. Сейтқали аға өте мейірімді ақкөңіл жан еді ғой. Сол кезде бір «Уазик» мәшинесі болды, соған топырлатып бәрімізді мінгізіп алады. Жол жөнекей кездескен оқытушы тұрмақ студент кездесе де тоқтап мінгізіп алатын, жеткізіп тастайтын. Өтіп кетсе қайрылып келіп: ыстық күнде сарылып көлік күтіп тұр ғой, алып кетейік деуші еді. Өте қарапайым жан. Үйінде бау-бақша өсіруші еді, телефонмен хабарласып үйге келіп тәгіліп пісіп тұрған жеміс жидекті балаларға алып кет дейтін. Баруға ерініп жүрсек өзі теріп алып үйімізге әкеліп тастайды. Үнемі ағалық қамқорлығын аямаушы еді. Жалғыз маған емес, айналасындағы барша әріптестеріне, ғылым жолын таңдаған әрбір жас маманға Сейтқали аға қамқорлығын аямады. Ол кісінің аялы алақанын, ағалық қамқорлығын көргендер аз емес. Кішіпейіл де қарапайым, бауырмал, елгезек жандар бүгінде сирек қой. Ашуы да, қайтымы да тез, қазақтың «шәй орамал кепкенше» дегені бар ғой. Сол сөз біздің ағайымызға қарата айтылғандай. Жұмыс барысында сөзге келіп қалса да артынша мейірленіп, жадырап қоя беретін. Осындай көркем мінезді, ғажап тұлғалармен үзеңгілес жүріп жетілдік, ғылым жолына қадам басып ағалар салған даңғыл жолға түсіп өз соқпақ сүрлеуімізбен жүріп келеміз.

ҚАЛДЫРҒАН ІЗІҢ МӘҢГІЛІК

Қызығы мен қиындығы мол болған алғашқы ұйымдастыру жылдары аса қажырлы еңбекті талап өткен. Қазақстанның әр өңірінен келген оқытушы ғалымдарға, дағдылы өмір сүру ортасын өзгерту оңай болмағаны ақиқат. Алайда университетіміздің шаңырағын көтерісіп, іргесін бекемдеуде Сейтқали Мадуанұлының сіңірген еңбегі ерен. Жастық, жалын мен жігермен кіріскен алғашқы университет ұжымы университетіміздің қазіргі осындай дәрежеге жетуіне ықпал етті. Жоқтан бар жасалды, алғашқы келген лек университеттің бүгінгідей болатынына сенді.

Университет қабырғасында құрылған тарих-филология факультетінің (1991-1999 жж.) тұңғыш деканы болып 9-жыл бойы үзбей қызмет жасады. 1999-2008 жылдар аралығында Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі болып қызмет етті. Кафедра меңгерушілігімен қатар 2002-2008 жылдар аралығында Халықаралық қатынастар басқармасының бастығы, жаңадан құрылған Аспирантура мен магистратура институтының және Түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры қызметтерін атқарды.

1997 жылы Өзбекстан Республикасының ғылымына еңбегі сіңген қызметкер, т.ғ.д. профессор Х.Зияевтың жетекшілігімен «ХҮІІІ-ХІХ ғғ. қазақ халқының Орталық Азия халықтарымен қарым-қатынастарының тарихы» докторлық диссертациясын қорғады. Сонымен қатар, соңынан өрген ізбасарлары мен ғылым жолын жалғаған қаншама шәкірттер тәрбиелеп кетті. Артында жақсы аты мен өшпес өнеге қалды. Рухың шат болсын, Ұстаз!

Мағрипа Жолсейітова,
тарих ғылымдарының
кандидаты, доцент.



Ebru Sanatı Türkistan'da Hayat Buluyor

Türk dünyasının manevi başkenti Türkistan, bu kez suyun üzerinde şekillenen kadim bir sanata ev sahipliği yapıyor. Türkiye'den gelen akademisyen Doç. Dr. Öğretim Üyesi Ahmet Türe, öğrencilere ebru sanatının inceliklerini öğretmek üzere Kazakistan'a özel bir ziyaret gerçekleştirdi.

Türkistan'ın köklü kültür mirasını yaşatmayı amaçlayan bu program kapsamında, Ahmet Türe, Spor ve Sanat Fakültesi Güzel Sanatlar Bölümü öğrencilerine su görselleştirme tekniklerini aktarıyor. Önümüzdeki dört ay boyunca sürecek eğitimler, ebru sanatının sırlarını keşfetmek isteyen öğrenciler için eşsiz bir fırsat sunuyor. Eğitimlerin sonunda düzenlenecek sergi ise, Türk halklarının ortak sanat mirasını vurgulayan önemli bir kültürel etkinlik olacak.

Ebru sanatı, suyun yüzeyinde benzersiz desenler oluşturarak her fırça darbesini eşsiz kılan bir sanat dalı. Yüzyıllardır Türk kültürünün ayrılmaz bir parçası olan bu sanat, kitap süslemelerinden sanatsal yaratımın zirvesine kadar birçok alanda kendini

gösteriyor. Ahmet Türe, bu kadim geleneği yeni nesillere aktarmaktan büyük bir mutluluk duyduğunu belirtiyor.

«Türkistan'a İlk Kez Gelsem de Kendimi Yabancı Hissetmiyorum»

Türkistan'a ilk defa geldiğini ifade eden Ahmet Türe, bu topraklarla olan manevi bağını şu sözlerle dile getirdi: «Burası bizim ata yurdumuz, Ahmet Yesevi'nin diyarı. Türk dünyasının manevi başkentine gelmek benim için büyük bir mutluluk.»

Bu tür kültürel ve sanatsal işbirlikleri, Türk dünyasının ortak değerlerini gelecek nesillere aktarmada önemli bir rol oynuyor. Ebru sanatının Kazakistan'daki genç sanatçılarla buluşması, bu kadim sanatın yaşatılması ve daha geniş kitlelere ulaşması açısından büyük bir adım olarak değerlendiriliyor.

Ebru sanatının suya yansıyan büyüüne tanıklık etmek isteyenler, dört ay sonra düzenlenecek sergide bu eşsiz sanatın ruhunu yakından hissedebilecek.

Yunus Özkan.

ТЕАТРҒА БАРЫП ЖҮРСІЗ БЕ?

Қазіргі кезде адамдардың бос уақытын қалай өткізетіндігі көп талқыланады. Әлеуметтік желілер мен түрлі гаджеттер біздің бос уақытымызды «жаулап» алса да, мәдени шараларға бару әлі де өзектілігін жоғалтпаған. Театрлар мен көпшілік шаралар адамның жан дүниесін байытып, рухани дамуына ықпал ететін маңызды орындар. Бірақ біз осындай орындарға жиі барып жүрміз бе?

Театр – бұл өнердің ерекше түрі. Онда көрермендер сахнадағы әртістердің шынайы сезімдерін, жан дүниесін сезіне алады. Театрға бару адамның эстетикалық талғамын дамытып, өмірге басқаша көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ұлттық дәстүрлерді дәріптейтін қойылымдар жас

ретінде сезінуіне көмектеседі.

Неге бармаймыз?

Кейбір адамдардың театрға немесе көпшілік шараларға бармау себебі – уақыттың немесе қаржының жетіспеушілігі. Сонымен қатар, мұндай мәдени шараларды өз өміріне маңызды деп санамайтындар да бар. Әлеуметтік желілер мен интернет арқылы үйден шықпай-ақ көңіл көтеруге болады деп санайды. Бірақ мұндай виртуалды тәжірибе шынайы эмоция мен әсердің орнын толтыра алмайды.

Шешім қандай?

Театр мен мәдени шараларға баруды әдетке айналдыруымыз қажет. Бұл үшін ең алдымен, адамдардың мәдениетке деген қызығушылығын арттыру маңызды. Мектептер мен университеттерде мәдениетке бау-



ұрпақты тәрбиелеуде маңызы зор. Бірақ қазіргі жастар арасында театрға бару сиреп бара жатқанын байқауға болады. Бұл, бәлкім, уақыттың тапшылығынан немесе заманауи мәдениетке деген қызығушылықтың төмендігінен болар.

Көпшілік шаралар – халықтың басын қосып, бірге уақыт өткізуге арналған тамаша мүмкіндік. Концерттер, фестивальдар, ұлттық мерекелер сияқты шаралар адамдарды біріктіреді, көңіл көтереді және жақсы әсер сыйлайды. Мұндай шараларға қатысу адамның әлеуметтік байланыстарын нығайтып, өзін қоғамның бір бөлігі

литын бағдарламаларды күшейту, билеттердің қолжетімділігін арттыру сияқты шаралар көмектесуі мүмкін.

Қорытындылай келе, театр мен көпшілік шаралар біздің рухани дамыған қоғам ретінде қалыптасуымызда үлкен рөл атқарады. Әрқайсымыз бос уақытымыздың бір бөлігін осындай мәдени шараларға арнасақ, жеке өмірімізді ғана емес, жалпы қоғамды да байыта аламыз.

Дидар Көлбай, 1-курс студенті.

Кітап оқуың достар!

Кітап – білімнің, мәдениеттің, тарихтың және рухани құндылықтардың бастауы. Қазіргі уақыт әлеуметтік желілердің дәуірі болғандықтан, жастар кітап оқудан гөрі интернет желілерінде отыруды жөн көреді. Күнделікті таңымыз әлеуметтік желілерді көруден басталып, сол желіден шықпай күніміз батуда. Қазіргі таңда, әлеуметтік желілер өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Бұл әдеттің біздің өміріміз үшін жағымды, әрі жағымсыз жағы бар. Бір жағынан әлеуметтік желілердің біз үшін ең басты пайдасы, ақпаратты оңай аламыз, кез келген жақынымызбен оңай хабарласа аламыз. Екінші жағынан, интернет желілері адам уақытын ұрлап, өзіне тәуелді етіп қояды. Мысалы, әлеуметтік желілерге көп уақыт жұмсау отбасымен қызықты уақыт өткізу, спортпен шұғылдану, кітап оқу сияқты өмірге маңызды істерге кедергі келтіреді. Сондықтан, таңымызды әлеуметтік желілермен емес, өмірімізге пайдалы әдеттерден бастасақ деймін.

Бүгінгі күні жастардың кітапқа деген көзқарасы туралы қоғамда түрлі пікірлер айтылып жүр. Бірі қазіргі жастар кітап оқымайды десе, екіншісі кітап оқитын жастардың өлі бар екенін айтуда. Шын мәнінде қоғамда кітап оқитын жастар бар және олар аз емес. Кітап оқудың мен үшін ең басты пайдасы, адамға сабақ алуға көмектеседі. Өйткені, кітапта өмірлік тәжірибелер, түрлі тағдырлар жазылады, соны оқу арқылы оқырман өзіне сабақ алады. Мысалы, маған ерекше әсер еткен кітап “Құпия бақ” кітабы. Бұл кітапта басты кейіпкер өте ерке, өзімшіл, қырсық қыз болады. Қыз өз ата-анасын тыңдамай, ауыр сөйлейтін, әрқашан өз дегенін



қорқытып жасататын. Қыздың осы мінезі кесірінен оның достары қалмайды. Осы кітапты оқу арқылы мен басты кейіпкерден өзімді көрдім. Кітапты соңына дейін оқып, өзімнің жаман әрекеттерімді түсініп, отбасыма, достарыма деген қарым-қатынасымды дұрыстадым. Бұл кітапты оқу менің өміріме ерекше әсер етті. Сондықтан, кітап көп оқу керекпіз. Өйткені, кітап тек ақпарат көзі ғана емес, өзіңді тәрбиелеу мен рухани құндылықтарды байыту құралы. Кітап оқыған кезде біз тек жаңа білім алып қоймаймыз, сонымен қатар өзімізді, ішкі жан-дүниемізді, мінезімізді жақсартуға мүмкіндік аламыз.

Қорытындылай келе, кітап – адамның ішкі жан-дүниесін, мінезін, қарым-қатынасын өзгертуге ықпал ететін керемет құрал. Ол бізге тек ақпарат беріп қана қоймай, өзімізді тануға, тәрбиелеуге және рухани байлыққа жетуге көмектеседі. Әрбір оқылған кітап – өмірге жаңа көзқарас, өз-өзіңді дамытуға бағытталған қадам. Сол себепті, кітап оқуды әдетке айналдыру – әр адамның болашағына салған ең үлкен инвестиция деп білемін.

**Адина Шама,
1-курс студенті.**

• Студент мінбері



**Ж АСТАРДЫҢ
АЛТАҚТАМАҒАНЫ
АҚСЫ**

Кейде айналада түрлі келеңсіздіктер кездесіп қалады, алайда сол кем-кетіктің орнын толтырғымыз келетіні тағы бар. Соңғы уақытта студенттік ортада құқық және жеке шекаралар мәселесінде біршама көзқарас пайда болғандай.

Студенттерден жеке басы құқығы жайында сұрай қалсаң, бірі оң пікір білдірсе, бірі теріс пікір айтып жатады. Студенттердің жеке шекарасы білім ордасында қаншалықты сақталады? Иә, бұл мәселелер студенттердің бір-бірімен коммуникациясын нығайтатын фактор десек те болады. Қарапайым жәй мысал ретінде, университеттің лифт қызметін айталық. Кейде, бір топ студентпен бірге жеделсатыға мініп қалған қызметкерлер “жас емессіңдер ме, сендерге лифт мініп не керек, баспалдақпен шығыңдар” деген сыңайлы пікірлерін айтып қалады. Студенттер оларға қарсы пікір білдіріп, уәж айтса өршіп кетеді үлкендер жағы. Лифт қызметкерлер үшін де, студенттер үшін де ортақ дүние. Сондықтан бұлай сын айту орынсыз деп ойлаймын. Одан бөлек университет кітапханасында да білімгерлер үшін қолайсыздықтар болып тұрады. Кітапхананың әр қабатын факультеттерге бөлген. Студенттер еркін кіріп жұмыс істей алмайды. Мыңдаған білімгер үшін кітапханадағы компьютерлер аздық етеді. Бұл жағдай көбіне білімгердің өзіндік жұмысы (БӨЖ) апталығында шиеленісе түседі.

Жалпы, университет қабырғасында студенттер психологиялық тұрғыдан еш қысым көрмеуі керек. Студенттің еш нәрсеге алаңдамағаны, жалтақтамағаны жақсы. Мұндай әдеттердің оқу үдерісінде оң әсерін бермесі анық. Білім ордасында полиция қызметкерлері мен патрульдердің саудырап жүргені де студенттің психологиясына әсер ететіні белгілі. Білімгердің бейбіт кезде бақылауда болғаны, еркіндікті тежеу емес пе? Иә, түрлі психологиялық қысымның жоғары болуы студенттің эмоционалдық күйін нашарлатады. Осы ретте, университет басшылығы мен қауіпсіздік қызметі студенттердің психологиялық жай-күйін ескере отырып, патрульдердің қызметін теңгерімді түрде жүйелесе оң болар еді.

Студенттердің өз пікірін ашық білдіруге және жеке мүддесін қорғауға құқылы деп ойлаймын. Бұл білімгерге өздерін еркін сезінуге, жақсы білім алуға және дамуға мүмкіндік береді.

**Нүрдаулет Кәрібай,
3 курс студенті.**

Махаббат деген қандай-ды...

Махаббат – адамзат болмысының жүрекке жылу сыйлайтын, терең әрі өмірді мағыналы ететін сезімдерінің бірі. Бұл ұғым ақыл мен жүректің үйлесімінен туындап, тек екі адамның арасындағы байланысты ғана емес, табиғаттың әр бөлшегінен байқалатын ұғым. Махаббат – ананың балаға деген қамқорлығынан бастап, туған жерге, елге деген сүйіспеншілікке дейінгі кең ұғым.

Алайда, уақыт өткен сайын махаббат түсінігі заман ағымына қарай бейімделіп, оның құндылықтары өзгеруде. Кешегі Еңлік-Кебек пен Қозы Көрпеш-Баян Сұлу жырларында суреттелген махаббат пен бүгінгі махаббаттың бейнесі бір-бірінен өзгеше. Бүгінгі қоғамда махаббаттың сипаты – цифрландыру мен заманауи технологиялардың әсерінен жаңа қырынан танылуда. Бүгінгі махаббаттың айрықша белгісі – технологияның адам

қарым-қатынастарына елеулі ықпалы. Әлеуметтік желілер, танысу платформалары, телевизиялық бағдарламалар махаббатты жолықтырудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынууда. Бұрын кітапханада бір көзқарас арқылы пайда болатын сезімдер енді виртуалды әлем арқылы өз бастауын алып жатыр. Әлеуметтік желілерге жүктелген “идеалды” қарым-қатынас бейнесі адамдардың махаббатқа деген көзқарасын өзгертіп жатқандығы жасырын емес. Көпшілік бұл қарым-қатынастарды мінсіз деп санап, өз өмірлерімен салыстырады. Алайда, мұндай “идеал” көзқарастар қарым-қатынастардың тек әлеуметтік желіде жарияланатын ескеруіміз қажет. Бірақ, заманауи тенденциялар махаббаттың көрінісін өзгертсе де, оның негізі – шынайылық екені өзгермейді. Толғырақ тарқатсам, шынайы махаббат – бұл екі түрлі ортада өскен, өмір жайлы

көзқарастары мен мақсаттары әртүрлі екі адамдардың өмірінің бірігуі. Осы арқылы бұл ұғымның ұлылығы – барлық айырмашылыққа қарамастан, нәзік сезімнің екі адамды тоғыстыруында екені белгілі. Бұл құбылыс тек романтикаға ғана емес, түсіністік, сыйластық және өзара қолдауға негізделген. Қарым-қатынастың мінсіз болуы мүмкін емес, өйткені бұл өмірдегі қиындықтарды жеңу арқылы нығаяды.

Қорытындыласақ, бүгінгі махаббат – күрделі, көпқырлы және заман ағымымен өзгеріп отыратын сезімге ауысты. Цифрландыру мен әлеуметтік ықпал оның көрінісіне әсер еткенімен, махаббаттың ең басты құндылығы – шынайылық, құрмет және сезімнің тереңдігі болып мәңгілік қалатынына сенемін.

Ақжан Қуан, 1-курс студенті.

ЖАТАҚХАНА – ӨМІР МЕКТЕБІ



айналысу қызықты әрі тиімді. Сондай-ақ бос уақытыңызда кітап оқу, тіл үйрену немесе онлайн курстарға қатысу арқылы өзіңізді дамыта аласыз. Мұнда өртүрлі аймақтардан келген студенттермен танысасыз. Достармен бірге фильм көру, үстел ойындарын ойнау немесе жай ғана әңгімелесу арқылы қарым-қатынасты нығайтуға болады. Бұл

Жатақханада тұру – жаңа достар табуға, өзіңді дамытуға және уақытыңды тиімді пайдалануға көп мүмкіндіктер береді. Ендеше, жатақханада не істеуге болатынын қарастырайық.

Жатақхана – сабақты бірге оқуға, дайындық топтарын құруға тамаша орта. Топ болып жиналып, емтихандарға дайындалу немесе ғылыми жобалармен

тек көңілді уақыт өткізу ғана емес, өмір бойы ұмытылмас естеліктер жасауға мүмкіндік береді.

Жатақхананың ауласында немесе спорт залында жаттығулар жасап, спортпен айналысу – денсаулығыңызды нығайтудың жақсы жолы.

Ас үйге кіріп, жаңа тағамдар дайындап көріңіз. Әсіресе, жатақханада түрлі ұлт өкілдері

болса, бір-бірлеріңізбен ұлттық тағамдардың рецептімен алмасу қызықты болады. Бұл тек аспаздық шеберлігіңізді арттыру емес, мәдениетаралық байланыстарды нығайтудың бір жолы деуге болады.

Жатақханада тұрғанда өз бөлмеңізді таза және жайлы ұстауды ұмытпаңыз. Апта сайын тазалық жұмыстарын жасап, бөлмеңізді өзіңізге ыңғайлы етіп безендіріңіз.

Жатақханада уақытты босқа өткізбеу үшін жоспар құрып, оны қызықты әрі тиімді етіп өткізуге тырысыңыз. Бұл сіздің жеке дамуыңызға, қарым-қатынас орнатуға және жарқын студенттік өмір сүруге көмектеседі. Жатақхана – тек уақытша тұрақ, баспана ғана емес, нағыз өмір мектебі деп ойлаймын.

Ділназ Тәжиева.

ӨНЕР ӨРЕНІ

А.Аязбекқызы:

«Сахнадағы дебютіңді сәттілікке баладым»



Театр адам баласын мәдениетке жетелейтін өнерліге шабыт сыйлайтын мекен. Кез-келген, актерлікке қызыққан адамның алғашқы арманы театр сахнасында өнер көрсетуі болса керек. Бүгінде Ахмет Ясауи университеті Орындаушылық өнер кафедрасы жүйелі түрде театр актерлерын даярлап шығаруда. Солардың бірі тамаша талантымен Түркістан Музыкалық драма театрында жұмыс істеп жүрген 4 курс студенті Аяжан Аязбекқызын сұхбатқа тартқанбыз.

— Аяжан, сахнаның өлшемі жағынан шектеуі болғанымен ондағы өнер шексіз. Адам баласының жанына рухани азық сыйлайтын актерлік мамандығының соңғы курсын тәмамдағалы тұрсыз. Театрға қызығушылығыңыз қалай пайда болды, неліктен бұл жолды таңдадыңыз? — Театрға қызығушылым мектеп кезінен басталды. Оған бірден-бір себепкер менің әпкем Айнұр Нұрашова. Ол кісі өнер жолында жүрген жан, менің актерлік қабілетімді байқап, бірден театр әлеміне тартты. Әпкемнің театрда Мақсат Айтжанов деген досы болатын. Сәйкесінше қолымнан жетелеп бірден сол кісіге апарды. Әрине, сол

күннен бастап мен Мақсат Айтжановтың шәкірті болдым. Ағай маған көп дүниелерді үйретті, шығармашылық емтиханға жеке өзі дайындады. Міне содан бері Мақсат Айтжановтың қанатының астында қанаттанып өнерге деген жауапкершілікті өзіме артуды үйреніп жүрмін. Ал өнерге қалай келгенім және бұл менікі деген ұғымға қызықты оқиғамен жауап берейін: Ағаймен театрда дайындалып жүрген кез еді. Сол уақыттарда кенет денсаулығым болмай қалды. Көңіл-күйім түсіп, бірден құлазып, жүзімнен күлкі қашқан. Үйде жадырап жайнап жүрген Аяжан жоқ. Әкем осы жағдайымды байқады. «Қызым неге көңіл-күйің жоқ? Не болды? театрға барсаңшы, ағайыңа бар, дайындал» деп әкем өзі жетектеп Мақсат ағайға қайта апарған еді. Дайындығым Шымкент қаласындағы Сатира театрында өтіп жүрді. Формамды киіп, сахнада жүгіріп денемді қыздырып дайындалып жүрмін. Өзімше материналдарымды қайталап қоямын, бір кезде тоқтай сала сахнаға көрермен залына қарап қалдым. Дәл сол сәтте менің жүрегіме «Міне бұл менікі, өнер- менің өмірім, бұл менің көңіл-күйім, бұл менің жаным» деген жылы сезім пайда болды. Саналы түрде нақты осы саланы таңдайтынымды ұқтым.

— Тамаша, бала арманыңыз орындалып жатқанына қуаныштымын. Жақында премьерасы өткен «Жалдамалы пәтер» қойылымы жайлы айтып берсеңіз, онда басты рөлді сомдадыңыз және ол аншлаппен өткен заманауи спектакль болған секілді.

— «Жалдамалы пәтер» спектаклі мен үшін өте ыстық, менің алғашқы басты рөлдегі дебютім! Әр нәрсені алғаш сезінгенде ерекше әсер аламыз ғой. Театр сахнасында қойылымды сәтті алып шығу бақытты кездердің бірі болды. Ондағы көрерменнің ыстық ықыласы мені келесі қойылымдарға, сахнаға қайта шығуға шабыттандырды.

Қойылымның уақиғасын айтпағаным дұрыс болар, себебі әрбір жан, әсіресе студенттер, жастар, тіпті ересек көрермендерге дейін келіп тамашаласа, біраз дүниені түсінер деп ойлаймын.

— Студент ретінде театрда жұмыс істеу қиын емес пе, дәріс пен сахнаны қатар алып жүру қаншалықты жауапкершілік жүктейді?

— Театрда жұмыс істеу және университет қабырғасында дәріс алу, менің ойымша әрі қиын, әрі жеңіл. Дәл осы тұрғыда ұстаздарыма алғысым шексіз! Себебі менің өз саламда театрға жұмысқа кіруімді ұстаздарым қолдады, мен үшін қуанды. Тиісінше өз кеңестерін айтып, бағыт-бағдар беріп жолымды түзеді. Барлығын бірге қатар алып жүрудің жауапкершілігі бірден сезілді. Енді студент актрисамын, театрдың да жауапкершілігін арту оңай деп айтпас едім. Үлгі тұтар студенттер қатарына қосылып, кейінгі толқын сенен үлгі алса, ұстаздарың мақтан тұтса мұның бәрі үлкен жауапкершілікті меңзеп тұрғаны анық.

— Өнер айдынына аяқ басқалы төрт жылға жуықтап қалыпты, ал кәсіби өртіс ретінде мансабыңыз жақында басталды. Десе де бірден басты рөлдерді ойнап, көрермен көзайымы болып жүрсіз. Театрдағы тәжірибеңіз сізге қандай маңызды дағдылар үйретті?

— Театрда орасан зор тәжірибе алып жатырмын десем артық етпес. Себебі театрда бәрі басқаша, бәрі бұрынғыдай емес. Театрдың өзіндік ережелері, өзіндік жауапкершілігі бар. Уақытылы және жоспарлы жүріп тұруды яғни тәртіп бірінші орында. Мен мұны тәрбие деп қабылдадым. Ең бастысы үздіксіз даму бұл өнер адамы үшін маңызды. Себебі біз үнемі дайындықпен жүреміз, дене бітімім бірқалыпта ұстаймыз. Өсу жолында біз күнделікті тренинг, сахна тілі, сахна қозғалысы, вокал, тағы



басқа да керек дәрістерді өтеміз. Бұл актер үшін алтын қазына. Бейнелеп айтсақ, таза ауамен терең тыныс алғандай қажет дүние.

— Театрда жүргенде ең қызықты немесе ерекше оқиғаңыз қандай?

— Театрда жүргендегі ең қызықты және мен үшін ерекше оқиғаның бірі - алғашқы дебютім, «Жалдамалы пәтер» премьерасынан кейін тосын сый ретінде «тұсауым» кесілуі еді. Бұл бір естен кетпес қызық жайт болды. Өзім сол сәтте шыны керек абдырап қалғаным бар, өмірімде тұсауым кесілмеген жан едім. Бірақ өнер жолында үлкен сахнада тұсаукесер ырымы жасалғаны қызық болды. Өнердегі қадамымды аштырған театр директоры Әлімхан мырзаға алғысым шексіз! Үлкен кісілердің батасын алдым. Осы кісілердің жолы ашық болсын деген ізгі тілектері, ырымдап жасаған тұсаукесері мен үшін естен кетпес ыстық әрі ерекше оқиға болды. Тек тілектері қабыл болғай!

— Сұхбатыңызға рахмет. Шығармашылық табыс тілейміз. Көрерменнің сүйікті Аяжаны атанып, жұлдызыңыз жарқырай берсін!

Сұхбаттасқан:
Дидар Асылхан,
3-курс студенті

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: ӘТІРГҮЛ ТӘШІМОВА

Медиа және PR орталығы

Тілшілер:
Журналистика кафедрасының
студенттеріКөркемдеуші редактор:
Асқат СӘДІБЕКОВФото маман:
Нақып ШЫНТЕМІРОВ

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru